Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 196 "Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 282 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Ырғыз ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 196 " Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6462 болып тіркелген) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Н. Қызбергенов*

Ырғыз ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "18" желтоқсан
№ 282 қаулысына қосымша

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

№	Лауазымдардың атауы
Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары	
1	Аудандық маңызы бар КММ және МҚК басшысы
2	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты маманы: әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі

	әлеуметтік қызметкер, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы)
3	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маманы: әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент
4	ММ және МҚК біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санатты маманы: қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, емдік дене шынықтыру жөніндегі маман
5	ММ және МКҚ біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ маманы: қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер
6	Психолог
7	Мейірбике
8	Массажист
Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары	
1	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысы (директоры)
2	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК басшысы (директоры)
3	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК көркемдік жетекшісі
4	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК сектор басшысы
5	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК кітапхана меңгерушісі (басшысы)
6	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы мамандар: барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы
7	ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: аккомпаниатор, библиогроф, кітапханашы, барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, режиссер,

	хореограф, музыкалық әрлеуші, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметкер)
8	ММ және МҚК біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санаттағы мамандар: библиогроф, кітапханашы, барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы
9	ММ және МҚК біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: кітапханашы, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметкер)

Ескертпе: Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме

МҚК – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК